

Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 2083 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 22 қаңтарда N 13-1-110 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы N 662 Қаулысымен

Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2009.06.15 N 662 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" N 149 Заңының 7 бабының 5 тармағына, 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы " Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу жүйесі туралы" N 41 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" N 1156 қаулысына, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі "Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздардың кәсіби дайындығын, біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі ережені бекіту туралы" N 38 қаулысына (2001 жылғы 30 шілдедегі мемлекеттік тізілімдегі N 398 тіркелген, "Северный Казахстан" газетінің 2001 жылғы 7 тамыздағы саны) сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1 қосымшаға сәйкес Қоғамдық жұмыстардың түрлері бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, түрлері, көлемдері және еңбекақы мөлшерлері бекітілсін.

2. Қала бюджетінде қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қарастырылған қаражат шегінде "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бекітілген Тізбеге сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. "Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарға қамтылған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге ақшалай қаржыландыруын уақытылы қамтамасыз етсін.

4. 2 қосымшаға Петропавл қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жоғалды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ө.З. Сәрсембаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарыққа шыққан күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Қала әкімі

Қала әкімдігінің
"Ақылы қоғамдық жұмыстарды
ұйымдастыру туралы"
2007 жылғы»24 желтоқсандағы

N 2083 қаулысына N 1 қосымша

**Қоғамдық жұмыстардың түрлері бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың тізімі,
жұмыстың түрлері, көлемдері, еңбекақы мөлшері**

Кәсіпорындардың аталуы	Ай сайынғы жұмыс орны	Қоғамдық түрлері
"Коммунхоз" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	160 адам	Қала аумақ аумақтар көгалданд абаттанды мұзды қатұрғызуда жұмыстағ ағымдағы жөндеу ойпаң жең толтыру, ағын қана қоқыстард
"Солтүстік Қазақстан облысының ЖИТС-пен күрес және алдын алу орталығы" мемлекеттік мекемесі	14 адам	Есірткіні к тарату оқ сенім пу жұмыс
"Солтүстік Қазақстан облыстық әділет таменінің Петропавл қалалық әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	20 адам	Халықты жері (құжаттанд тіркеуге қызмет көр
"Көші-қон жөніндегі комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Оралманд және оқ

		б о й ы н ш тапсырма. орындалуы
"Петропавлқаласының жерқатынастарыбөлімі" мемлекеттік мекемесі	20 адам	Республика аймақтық қоғамдық өткізуге қат
"Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі	2 адам	Құжаттарды және дайындау; көрсету
"Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің облыстық наркологиялық орталығы" мемлекеттік мекемесі	10 адам	Республика аймақтық қоғамдық өткізуге қат қала оқу с есірткі инъекция алкогольде арасында жұмыстары
"Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	50 адам	Республика және айма қоғамдық өткізуге қат құжаттарды сақтауды көмек көр үй шару есепке және шару жөніндегі жасауға кө
"Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі	3 адам	Халыққа етудің сапа және жеде мақсаты мәліметтер жасауға кө
Жиынтығы	280	

Қ а л а ә к і м д і г і н і ң
" А қ ы л ы қ о ғ а м д ы қ ж ұ м ы с т а р д ы
ұ й ы м д а с т ы р у т у р а л ы "
2 0 0 7 ж ы л ғ ы » 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 2 0 8 3 қ а у л ы с ы н а N 2 қ о с ы м ш а

**Петропавл қаласы әкімдігінің күші жойылған
кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы "Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 56 қаулысы (2007 жылғы 31 қаңтардағы мемлекеттік тіркеу N 13-1-61; 2007 жылғы 16 ақпандағы "Проспект СК" N 7 саны).

2. Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 14 ақпандағы "Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы "Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 56 қаулысына өзгерістер енгізуі туралы" N 194 қаулысы (2007 жылғы 22 ақпандағы мемлекеттік тіркеу N 13-1-63, 2007 жылғы 2 наурыздағы "Қызылжар нұры" N 9 саны, 2007 жылғы 2 наурыздағы "Проспект СК" N 9 саны).

3. Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 13 шілдедегі "Қала әкімдігінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы "Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 56 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 851 қаулысы (2007 жылғы 23 шілдедегі мемлекеттік тіркеу N 13-1-79, 2007 жылғы 27 шілдедегі "Қызылжар нұры" N 31 саны, 2007 жылғы 27 шілдедегі "Проспект СК" N 30 саны).

4. Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 7 тамыздағы "Қала әкімдігінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы "Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 56 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 984 (2007 жылғы 15 тамыздағы м/т N 13-1-80, 2007 жылғы 17 тамыздағы "Қызылжар нұры" N 34 саны, 2007 жылғы 17 тамыздағы "Проспект СК" N 33 саны).

5. Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 30 қазандағы "Қала әкімдігінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы "Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 56 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1654 қаулысы (2007 жылғы 2 қарашадағы мемлекеттік тіркеу N 13-1-80, 2007 жылғы 16 қарашадағы "Қызылжар нұры" N 47 саны, 2007 жылғы 9 қарашадағы "Проспект СК" N 45 саны).